

2018 жылдын 18 мамыры күні Жанакорган ауданы, Келінтобе ауылындағы №192 орта мектептің 25 оқушысы жаппай тамақтан уланды.

Эпидемиологиялық тексеруден анықталғандай, жаппай улануға қарақұмық және жұмыртқа пайдаланғаннан болған. Тамақты ішкен балалар 2-3 сағаттан сон-ақ, ауру белгілерімен Келінтобе ауылдық дәрігерлік амбулаторияға медициналық көмекке жүгінген. Оларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілді.

Орталық аудандық ауруханаға 4 бала жеткізілді.

Сол сәттегі балалардың жағдайы орташа деңгейде болған, жүрек айнып, іштері өткен. Өзірше оларға алдын ала сальмонелла тудырган тағамдық таксоинфекция диагнозы қойылды.

"Бүгінгі таңда 21 баланың жағдайы қанағаттанарлық, олар үйлерінде медициналық бақылауда. Ауру ошағы болған жерде зерттеу жүргізілуде, азық-түліктер тексерілуде, қоршаған ортадан бактериологиялық сүртінді, асханадан бактериологиялық жүгінді алынуда", - дейді облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Акмарал Өлназарова.

**Өңірлік коммуникациялар қызметі**